



## **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандагы № 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада № 14441 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіудің үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 18 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілердің реестрінде № 12651 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 15 қаңтарында жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығының» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

агенттігінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Мемлекеттік</i>
<i>қызмет</i>	<i>істері</i>	<i>жемқорлыққа</i>
<i>қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы</i>	<i>К. Қожамжаров</i>	
<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Мемлекеттік</i>
<i>қызмет</i>	<i>істері</i>	<i>жемқорлыққа</i>
<i>қарсы</i>	<i>іс-қимыл</i>	<i>Төрағасының</i>
<i>2016</i>	<i>жылғы</i>	<i>қазандағы</i>
		<i>19</i>

№ 12 бұйрығымен бекітілген

**Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу дің үлгілік қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу дің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленген және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (бұдан әрі – сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың субъектісі) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін айқындайды.

**2-тарау. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу дің тәртібі**

2. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің басшысының, ол болмаған жағдайда оның міндеттерін атқарушының немесе оның лауазымын алмастырушының шешімі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі болып табылады.

3. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім, соның ішінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелерінің негізінде қабылданады.

Осы Үлгілік қағидаларда сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектілерінің басшылары мемлекеттік органның және оның ведомстволарының, ұйымдардың басшылары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын басшылары болып анықталады.

4. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысы айқындайтын құрылымдық бөлімше, сыйбайлас жемқорлық

тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге үәкілетті адам немесе оның шешімімен құрылатын жұмыс тобы сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізеді.

Бірінші басшының шешімі бойынша жұмыс тобының құрамына сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандарын және (немесе) сарапшыларын тартуға құқылы.

5. Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің құрылымдық бөлімшесінің, ведомствоның, ведомстволық бағынысты үйімінің, аумақтық және оған теңестірілген бөлімшелерінің (бұдан әрі – бөлімше) қызметі сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың объектісі болып табылады.

6. Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу туралы шешімде мынадай ақпарат болады:

1) қызметі сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшенің атауы;

2) осы Ұлгілік қағидалардың 8-тармағына сәйкес сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты;

3) сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды тұлғалар) немесе жұмыс тобының персоналдық құрамы туралы;

4) сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу кезеңі;

5) сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелетін сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды тұлғасы.

7. Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізудің мерзімділігін сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың субъектілері айқындайды.

8. Сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

9. Бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталады.

10. Бөлімшениң ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп мынадай мәселелер

- 1) персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың аудиеси;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызмет көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау функцияларын іске асыру;

6) бөлімшениң ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

11. Мыналар:

- 1) бөлімшениң қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер;
- 2) бөлімшеге қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 4) бөлімшеге келіп түскен жеке және занды тұлғалардың өтініштері;
- 5) прокурорлық қадағалау актілері;
- 6) сот актілері;

7) ұсынылуына Қазақстан Республикасының заңнамасымен жол берілген өзге де мәліметтер сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің ақпарат көздері болып табылады.

12. Сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша мыналарды:

- 1) анықталған сыйайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;
- 2) оларды жою бойынша ұсынымдарды;
- 3) анықталған сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын талдамалық анықтама әзірленеді.

13. Талдамалық анықтама сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген адамдармен, қызметінде сыйайлас жемқорлыққа талдау жүргізілген бөлімше басшысымен келісіледі және оған осы Үлгілік қағидалардың 6-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген лауазымды тұлғамен қол қойылады.

14. Анықталған сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін жою туралы ұсынымдар бар талдамалық анықтама сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарau және шаралар қолдану үшін ұсынылады.

15. Сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданып жатқан) шаралар туралы ақпарат сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылады.

16. Сыбайлар жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін сыбайлар жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша, соның ішінде алқа, консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында жария талқылауға жол беріледі.